КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 қыркүйек №2301-23-00-2/1482 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.Кубашева болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы облыстық мүгедектерді сауықтыру орталығы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Бекет» Бекет Болатұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап коюшы өкілі Г.А.Бижанова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 23 қаңтардағы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптар арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №16 шарт 2023 жылғы 24 қаңтарда жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес жауапкер тапсырыс беруші «Мүгедектерді сауықтыру облыстық орталығы» мемлекеттік мекемесіне монша-бассейндік және ұқсас кешендерге техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді шартқа екі жақты қол қойған күннен бастап жыл бойына 31 желтоқсанға дейін көрсетуге міндеттенген. Шарттың сомасы – 625 000 теңге.

Шартқа қосымша техникалық ерекшелікке сәйкес, өнім беруші аптасына бір рет зарарсыздандыру үшін арнайы химияны (хлоротекс, РН – минус, РН-плюс, алгитин, эквитал) ауыстыруға, дәрігерлік тағайындау негізінде бассейндегі суды күнделікті тазалап, фильтрден өткізуге, күнделікті бромның, хромның, хлордың, РН деңгейін сақтауға, аталған деңгейлерді күнделікті өлшеп, тестілеуге тағы да басқа қызметтерді көрсетіге міндетті болған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкермен шарттың міндеттемелері тиісінше орындалмағанын, жауапкер міндеттемені ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап 20 мамырға дейін орындағанын, одан кейін қызмет көрсетілмегенін, көрсетілген қызметке ақы төленгенін, жауапкердің міндеттемені тиісінше орындамауынан мүгедектерге су процедурасы жүргізілмегенін, шарт бұзылмағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талапты қуаттап, жауапкермен міндеттеме тиісінше орындалмағанын көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінбеген.

АПК-нің 196-бабының 4-бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарттық міндеттемелерін тиінше орындамаған.

Сот мүгедектерге дәрігермен тағайындалған су процедураларының өткізілмей қалуын жағымсыз салдарлар ретінде таниды.

Бұл жағдайда сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын негізді деп таниды.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден 1725 теңге мемлекеттік баж мемлекет кірісіне өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 196, 117, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы облыстық мүгедектерді сауықтыру орталығы» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Бекет» Бекет Болатұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Бекет» Бекет Болатұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Бекет» Бекет Болатұлынан мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Р.Балмуханова

Анықтама: шешім заңды күшіне 2023 жылғы 06 қарашада енді.

Судья А.Р.Балмуханова

«3» бетте тігілді,
«2» парақта нөмірленді
Судья А.Р.Баймуханова